

2024жылдың наурыз айына (01.03-04.03) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Сәрсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика Л.С.Выготскийдің «Жалпылап айт» әдістемесі	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Түзету дамытушылық Құм терапиясы	3-4жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Психологиялық- педагогикалық ағарту «Жоғалған ойыншықты тап»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	

2024 жылдың наурыз айына (05.03-08.03) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30 10.30-12.00	Психодиагностика «Сіздің балаңыздың қызығушылығы» Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	Ата-аналар
Сейсенбі	09.30-10.30 10.30-12.00	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Көлеңке» Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	4-5жас
Бейсенбі	09.30-10.30 10.30-12.00	Психологиялық-педагогикалық ағарту Жұдырыққа жасырылған орамал Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	2-3жас
Жұма	09.30-10.30 10.30-12.00	Түзету-дамытушылық «Жыл мезгілдері» Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	4-5жас

2024 жылдың наурыз айына (11.03-15.03) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Мақтаншақтар» ойыны	3-4жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Түрлі түсті доптар»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сәрсенбі	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Қателеспе, сиқыршы»	2-3жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Суреттің екінші бөлігін сал»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық Ойнап ойла Көбелек	3-4жас

	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
--	-------------	--	--

2024 жылдың наурыз айына (18.03-22.03) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика «Зат неге ұқсайды?»	4-5 жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Психологиялық- педагогикалық ағарту «Қиял жалғасы»	4-5 жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	

2024 жылдың наурыз айына (26.03-29.03) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Гүл» ойыны	4-5 жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Шындыққа бір қадам»	4-5 жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сәрсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту Көрсетілген нұсқау бойынша орамалды бүктеу	2-3 жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Суреттің жалғасын тап»	4-5 жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс,	

		диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	Наурыз айында жүргізілген жұмысқа қорытынды шығару
	10.30-12.00		

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

Әдістеме: Л.С.Выготскийдің «Жалпылап айт»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Хаттама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 01.03.2024

Балалар саны:

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Әдістеме: Л.С.Выготскийдің «Жалпылап айт»

Мақсаты: баланың ұғымдық қорының қалыптасу деңгейін анықтау.

Балаларға топтама сөздер оқылып, оларды бір сөзбен қалай атауға болатынын сұрайды.

Мысалы: көйлек, тон, шалбар, етік, бөрік, күрте. Осы аталғандарды бір сөбен қалай айтуға болады?

Бала олар киім деген сөзбен белгіленетінін айтуға тиіс.

Тапсырмалар:

1. Тәрелке, тостаған, қазан, шәйнек.
2. Қыл қалам, фламастер, қалам, рушке.
3. Алма, алмұрт, шие, шабдалы.
4. Етік, галош, туфли, мәсі.
5. Қауын, дарбыз, қияр, помидор.
6. Қайың, карағай, тал, емен.
7. Үстел, керует, шкаф, кітап сөрелері.
8. Өрік, жүзім, алхор, анар.
9. Орамал, бөрік, тақия, малахай.

Қорытындысы:

5-6жас тобы өте белсенділік танытып тапсырмаларды жақсы орындап шықты. Балалардың мектепке бейімделуі орташа-жоғары деңгейді көрсетті.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

ҚОЛЫ:



«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Құм терапиясы»

Топтың аты: 3-4жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 3-4жас тобы
Тексерілген күні: 04.03.2024
Балалар саны:
Қатысқаны:
Қатыспағаны:
Әдістеме: «Құм терапиясы»

Ойынның мақсаты:

Балаларға табиғат жайында ұғым бере отырып, дүниетанымын қалыптастырудың жолдары мен әдістерін анықтау.

Құм үстіндегі шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Құм ойын терапиясы арқылы баланың өзін-өзі жетілдіруіне жағдай жасау.

Міндеттері:

Табиғат тазалығын сақтау дағдылары мен қамқорлық көзқарасты қалыптастыру;

Экологиялық мәдениетін жетілдіру;

Балаларды табиғатқа етене жақындастыру, тартымды объектілермен кездесуге құлшынуға және қуануға тәрбиелеу;

Құммен ойналатын ойындар -бұл баланың табиғи белсенділігін көрсетеді.

Балалардың бір-бірімен қарым –қатынасы да осы құмда басталады

Ойын арқылы бала қиындықты жеңе білуді үйренеді, қорқыныш, ұялшақтық сезімнен арылып, өмірді танып біледі

Құмнан түрлі мүсіндер жасау арқылы бала өзінің ішкі жан дүниесін, қобалжуын, қорқыныш сезімін бере алады.

Қорытындысы:

3-4жас тобына «Құм терапиясы» жұмыс жүргізілді. Балалар ойынға жақсы араласты. Құммен ойнай отырып бала өзін бір керемет сикыршыдай сезінді. Құмның тағы бір ерекшелігі бала құмнан жасаған заттарын бұзып, қайтадан жасай алады. Балалардың шығармашылығы жақсы дамыған.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

ҚОЛЫ: _____



«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Жоғалған ойыншықты тап»**

Топтың аты: 4-5жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 03.03.2024

Балалар саны:

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Жоғалған ойыншықты тап» ойыны

Мақсаты:

Ойын ес пен зейінді, назар аудара білу іскерлігін дамытуға бағытталған.

Нұсқауы:

Балалардың алдында үстелдің үстінде бірнеше ойыншықтар тұрады. Балалар бірнеше минут сол ойыншықтарға қарап, содан кейін теріс қарап тұрады. Сол кезде психолог ойыншықтардың біреуін тығып қояды, ал балалар сол ойыншықты табу керек. Егер жауап дұрыс болса, онда ойыншылар рөлдерімен ауысады.

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады. Ойын барысында балалардың ес пен зейінді, назар аудара білуі іскерлігін дамыта білді. Сонымен бірге балалар жылдам, шапшаң қозғала біледі.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

қолы: 

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

«Сіздің балаңыздың қызығушылығы»

Қатысушы: Ата-аналар

2023-2024 оқу жылы

Хаттама

Зерттеуші топ: Ата-аналар

Зерттеу уақыты: 05.03.2024

Ата-аналар саны:

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Сіздің балаңыздың қызығушылығы» сауалнама

1. Балаңыздың аты-жөні
 2. Балаңыз қандай ойындарды қалайды?
 3. Спроттық ойындардың қандай түрлерін жақсы көреді?
 4. Кіммен жиі ойнайды?
 5. Балаңыз ұжымда өзін қалай ұстайды?
 6. Отбасында бала тәрбиесімен кім айналысады?
 7. Сізді бала тәрбиесіндегі қандай жақтары қинайды?
 8. Тәрбиенің қандай әдісін қолдайсыз?
- /көндіру, түсіндіру, қатал тәртіп қою, мадақтау, жазалау т.б. /

Қорытындысы:

Ата-аналардан «Сіздің балаңыздың қызығушылығы» тақырыбынды сауалнама алынды. Ата-аналар сауалнаманы мұқият оқып сұрақтарға нақты жауап берді. Ата-аналар үшін балаларының өмірі өте маңызды. Барлық сауалнамаға ата-аналар толық жауап берді.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

Қолы: 

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Көлеңке»**

Топтың аты: 4-5жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5 жас тобы

Зерттеу уақыты: 06.03.2024

Балалар саны:

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Көлеңке» ойыны

Мақсаты:

Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту. Тиянақтылыққа және ұқыптылыққа үйрету.

Нұсқауы:

Суретте бейнеленген аңдардың, басқа заттардың көлеңкелерін анықтау. Балалардың дұрыс тапқанын анықтау.

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады. Ойын барысында балалардың есте сақтау және көру, назар аудару білуі іскерлігін дамыта білді. Сонымен бірге балалар жылдам, шапшаң қозғала біледі. Балалардың есте сақтау қабілеттері жақсы.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

қолы: 

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Жұдырыққа жасырылған орамал»**

Топтың аты: 2-3жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 2-3жас тобы

Зерттеу уақыты: 11.03.2024

Балалар саны:

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Жұдырыққа жасырылған орамал» ойыны

Мақсаты:

Баланың ойлау қабілетін дамыту

Нұсқауы:

Үлкендер жұдырығына оңай жасыра алады, ал баланың кішкентай алақанына жасыру қиындау. Баланың жұдырығының орнына босаған иогурт құтысын немесе басқалай жеңіл затпен алмастыруға болады.

Көрсетілген нұсқау бойынша орамалды бүктеу:

Ортасынан немесе квадрат етіп, конверт немесе бантик етіп орамалды бүктеуі тиіс.

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өздерінің жақсы қасиеттерін көрсетті. Балаларға ойын қатты ұнады және белсенділік танытты.

Педагог-психолог: Кулибаева Г.И

ҚОЛЫ: _____



«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Жыл мезгілдері»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 4-5жас тобы
Тексерілген күні: 12.03.2024
Балалар саны:25
Қатысқаны:20
Қатыспағаны:5
Әдістеме: «Жыл мезгілдері»

Ойынның мақсаты:

Жылдың төрт мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін меңгерту. Балалардың сөздік қорын, ауызекі сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Есте сақтау қабілетін арттыру. Зейінділікке, тапқырлыққа баулу. Балаларды табиғатты қорғауға, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.

Нұсқау:

Жыл мезгілі бейнеленген суретпен жұмыс. Балаларға сурет бойынша әңгіме жүргізіледі.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы араласты. Жыл мезгілдерін суретке қарап әңгіме құрастырды. 4-5жас тобының белсенділігі есте сақтауы, сөйлеу мәдениеті жақсы дамыған.

«Балбобек» жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Мақтаншақтар»**

Топтың аты: 3-4жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 3-4жас тобы

Зерттеу уақыты: 13.03.2024

Балалар саны: 22

Қатысқандар: 19

Қатыспағандар: 3

Әдістеме: «Мақтаншақтар» ойыны

Мақсаты:

Ойын баланың өзіндік бағасының жоғарылауына, ұжымдағы маңыздылығын көтеруге бағытталады.

Нұсқауы:

Қатысушылар үлкен шеңбер жасай отырады, балаларға тапсырма беріледі. Әр бала топ алдында өзінің бір қасиетін, икемін, қабілетін, өзінің күшті жағы туралы өзінің қандай қасиеттерін жақсы көреді және мақтан етеді. Қолынан не келетінін айтып мақтанады.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Мақтаншақтар» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өздерінің жақсы қасиеттерін айтып балалармен бөлісті.

«Балбөбек» жеке меншік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Түрлі түсті доптар»**

Топтың аты: 4-5 жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 14.03.2024

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 18

Қатыспағандар: 7

Әдістеме: «Түрлі түсті доптар» ойыны

Мақсаты:

Балаларды түстерді ажыратып атай білуге дағдыландыру. Геометриялық пішіндерді ажыратып айту. Көру, есте сақтау, ойлау қабілетін тілін дамыту. Үлкен-кіші ұғымын бекіту.

Нұсқауы:

Қарандаршы балалар бізге Қуыршақ қонаққа келіпті. Өзімен бірге түрлі-түсті, әр түрлі көлемдегі доптар ала келіпті. Қуыршақ Айнұр кел төрлет. Қарандаршы оның себетінде бірнеше доп бар екен. Олардың көлеміде әр түрлі екен. –Балалар мына доптың түсі қандай? –Көк. –Ал мына доптың түсі қандай? –Қызыл. Қызыл доптың көлемі, көк допқа қарағанда қандай? –Қызыл доп үлкен. Дұрыс айтасындар. Ал мына доптың түсі қандай? –Сары. Доптың пішіні неге ұқсайды? –Домалаққа, дөнгелекке. Доптарды домалатсақ домалайды екен. Геометриялық пішінді көрсету. «Ұқсасын тап» ойыны. Геометриялық пішінің түсіне сай допты әкеліп қою. Түсіне қарай допты топтастыру. Енді кім Айнұр қуыршаққа арнап тақпақ айтады. Біздерде бар қуыршақ.

Бұзау қозы құлыншақ.

Қуыршақтар ойнайды. 63.

Емес олар ұрыншақ.

Домала, доп домала,

Балшыққа тек жолама.

Жек көремін онынды,

Бүлдіресің қолыңды. Балалар қуыршаққа тақпақтарын айтып береді. Қуыршақ. Қандай жақсы балалар мен туралы тақпақта айтады. Менімен ойын ойнайсындар ма? Менде мынадай екі себетім бар. Мына себетке үлкен допты, мына себетке кішкентай допты салуларың керек. Ойынды өте жақсы ойнай білдіңдер. Рахмет деп қоштасады. Қуыршақпен қоштасу.

Қорытындысы:

4-5жас тобы «Түрлі түсті доптар»тренингін қызыға ойнады.Барлық балалар ойынға жақсы араласып,белсенділік танытып отырды.Ойын барысында балалар бір-біріне жағымды сөздер айтып доп арқылы білдірді.

«Балбөбек» жекпе-жекшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Қателеспе, сиқыршы»

Топтың аты: 2-3 жас кіші тобы

2023-2024 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 2-3жас кіші тобы

Тексерілген күні: 15.03.2024

Балалар саны: 25

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны: 8

Әдістеме: «Қателеспе сиқыршы»

Мақсаты: балалардың затты тұтастай қабылдауын дамыту.

Құралдар: ойыншықтар, олардың мөлшері орташа болуы және бір-бірінен ерекшеленуі керек. Ағаштан жасалған шар, куб, шелек, тәрелке, қуыршақ, үйрек, балық, жеңіл машина және т.б. Сиқыршының қалпағы қатты беттен немесе бұлдан жасалады. Қалпақ баланың басына еркін сыйуы, бірақ көзіне түспеуі керек, және ойынға әсемделген дорба, ойыншықтарды салу үшін керек.

Ойынның барысы: Ең алдымен сиқыршының рөліндегі жағдаяттар беріледі. Сиқыршы көзбен көрмей қандай зат екенін таба алады. Ойынға топтың барлық балалары қатыса алады. Олар ойыншықтар тұрған орындыққа қарама-қарсы отырады. Психолог дорбадан ойыншықтарды ала отырып, балаларға оны есте сақтап қарауын өтінеді. Енді жаңа ойын басталады.

Психолог өз басына қалпақты киіп, балаларына:

- Кім осындай қалпақты кисе, сол цирктағыдай сиқыр көрсетеді- деп ескертеді. Содан кейін өз жанына бала шақырып, оған қалпақ кигізіп, оларға иіліп тұрып:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар, деп амандастырады. Балалар:

-Сәлеметсіз бе, сиқыршы, деп амандасты. Енді сиқыршыны орындыққа отырғызады. Одан кейін тағы бір баланы шақырып, дорбадан ойыншық алғызады. Ал бұл кезде сиқыршының көзі жабылып, қалпақ кигізіледі. Бала:

- Сиқыршы, сиқыршы, менің қолымдағы не? - дейді. Егер сиқыршы көрмей, қолыммен ұстаймын десе, қолына қойып:

-Қолымдағы қандай ойыншық?-деп сұрайды. Қателеспе сиқыршы!

Психолог сиқыршының басына қалпағын кигізгенде ойын басталады. Бірақ тыныштық сақтауын өтінеді. Сиқыршы қолына ойыншықты алғанда, оны қолымен сипап көру керек. Егер бала қандай ойыншық екенін таба алмай жатса, оның сезінетіндей жерлерін ұстап көрсету керек. Оқушы ойыншықты өзі атауы керек. Егер атай алмай жатса, балалар:

-Қандай ойыншық қолында?,- деп қолдау көрсету керек. Жауабын дұрыс тапқанға қошемет көрсету керек. Осыдан кейін ол қалпағын шешіп, келесі сиқыршыны таңдайды. Сөйтіп ойын бірнеше рет жалғасады.

Ойынның ережесі:

1.Петрушканың қателеспей ойыншықты табу үшін ең алдымен тыныштық сақталу керек.

2. Затты айтуға тыйым салынады.

3.Сиқыршының әрбір іс-әрекетін мұқият бақылау керек. Кім сиқыршының

көңілін бөлсе, соны сиқыршы болғызбау керек.

Қорытындысы:

2-3жас кіші тобы «Қателеспе сиқыршы»тақырыбында сенсорикалық жұмыс жүргізілді.Балалар ойынға жақсы араласты. Балалар өздерін сиқыршыдай сезінді.

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Суреттің екінші бөлігін сал»**

Топтың аты: 4-5жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты:18.03.2024

Балалар саны:25

Қатысқандар:18

Қатыспағандар:7

Әдістеме: «Суреттің екінші бөлігін сал» ойыны

Мақсаты: Балалардың логикасын дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: үлестірмелі карточкалар, қарындаштар.

Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда суреттің бір жартысы салынған, балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады да екінші жартысын салады.

Қорытындысы:

Балалар өзінің қабілеттерін, жағымды қасиеттерін бағалай алды. Ойын барысында балаларға үлестірмелі қағаздар берілді. Балалар қағазда не бейленгенін тауып берді. Жалпы балалардың логикасы жақсы дамыған.

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Көбелек»

Топтың аты: 3-4жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 3-4жас тобы

Балалар саны:22

Қатысқандар: 19

Қатыспағандар:3

Әдістеме: Көбелек

Зерттеу уақыты: 19.03.2024

Мақсаты:Түс,пішін және көлем туралы түсінікті қалыптастырады

Белсенділікті, логиканы, ойлау, қиялдау, түсті қабылдау қабілетін дамытады.

[illegible]

Қорытындысы:

3-4жас тобының балалары Көбелектің түсін, пішінін және көлем туралы түсініктерін қалыптастырды. Белсенділіктері, логиканы, ойлау, қиялдау, түсті қабылдау қабілеттері жақсы. Балалар қызығушылықпен белсеніп қатысты.

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

Әдістеме: «Зат неге ұқсайды?»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Хаттама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 20.03.2023

Балалар саны:

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Зат неге ұқсайды?»

Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.

Нұсқауы:

Психолог геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді. 2-нұсқа. Психологтың үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді.

Қорытындысы:

4-5жас тобының балаларына психодиагностика жұмыстар жүргізілді. Балалар қызығушылығын арттырды. Балалар өте белсенділік танытып тапсырмаларды жақсы орындай отырып өздерінің геометриялы пішіндерді ажырата алатындарын көрсетті.

«Балбобек» жеке меншік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Қиял жалғасы»**

Топтың аты: 4-5 жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 26.03.2024

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 18

Қатыспағандар: 7

Әдістеме: «Қиял жалғасы» ойыны

Мақсаты:

Қиялды дамытуға арналған ойын.

Нұсқауы:

Психолог ойланып, балалардың назарын тақтаға аударады да өзі бірнеше сызықтарды бормен сызып қояды. (Толқын, сынық сызық, ирек т.б.) Менің қиялым бойынша осы сызықтардан алуан түрлі заттар жасауға болады. Қане, кім менің қиялымды жалғастырып өз алдыларындағы парақ қағазға сызықты сызып суретке айналдырып, не салғаны жайында әңгімелеп беруді өтінеді.

Балалар	жұмысын	бірге	талдайды.
---------	---------	-------	-----------

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады. Ойын барысында балалар қиял бойынша суреттерін жақсы. 5-6жас тобы салған суреттерін бір-бірімен бөлісіп талдады. Балалардың қиялдау қабілеттері жақсы дамыған.

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Гүл» ойыны**

Топтың аты: 4-5 жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 27.03.2024

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 16

Қатыспағандар: 9

Әдістеме: «Гүл» ойыны

Мақсаты:

Қабылдауды дамытуға арналған ойын

Нұсқауы:

Балалар әр жерде отырады. Психолог: Балалар біз бәріміз енді өсіп келе жатқан гүлміз. Күн шықты, гүлдер жайнап ашылып өсіп келеді (қолдарын созады). Кенеттен баяу жел соға бастады, гүлдер желмен жан-жаққа шайқалады (қолдарын жан-жаққа шайқайды). Біз мезгілде аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды, гүлдер тоңып, бүрісіп жабылады (қолдарымен тізелерінің үстіне қойып бүрісіп отырады). Бір уақытта қайтадан күннің көзі күлімдеп шыға бастады, сол уақытта гүлдер де құлпырып, жайнап ашыла бастайды (балалар үлкен шеңбер жасап, бір үлкен гүл шоғына жиналады).

Қорытындысы:

Балалар өзінің қабілеттерін, жағымды қасиеттерін бағалай алды. Ойын барысында балалар өздерінің белсенділіктерін көрсетті.

«Балбөбек» жеке меншік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Шындыққа бір қадам»**

Топтың аты: 4-5 жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 28.03.2024

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 17

Қатыспағандар: 9

Әдістеме: «Шындыққа бір қадам» ойыны

Нұсқауы:

Балалар бір сапқа тұрады. Егер дұрыс болса бір қадам аттайды алға, дұрыс болмаса бір қадам аттайды.

- Сиырлар ұшады.
- мысықтар мяулайды.
- Жазда қар түседі
- Қыста жаңбыр жауады.
- Үлкенге орын беру керек.
- Ата-аналарды алдауға болады.
- Өтірікті досына жабуға болады.
- Шындықты айту керек.

Қорытындысы:

Балалар «Шындыққа бір қадам» ойынын қызыға ойнады. Балалар сапқа тұруды үйренді. Ойын барысында балалар өздерінің белсенділіктерін көрсетті.

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Көрсетілген нұсқау бойынша орамалды бүктеу»

Топтың аты: 2-3жас тобы

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 2-3жас тобы

Зерттеу уақыты: 29.03.2024

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 18

Қатыспағандар: 7

Әдістеме: «Көрсетілген нұсқау бойынша орамалды бүктеу» ойыны

Мақсаты:

Балалардың есте сақтауын және көру қабілетін дамыту

Көрсетілген нұсқау бойынша орамалды бүктеу:

Ортасынан немесе квадрат етіп, конверт немесе бантик етіп орамалды бүктеуі тиіс.

Қорытындысы:

Балалар ойынды қызыға ойнады. Балалардың есте сақтаулары, көру қабілеттері жақсы дамыған.

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы



**Наурыз айында жүргізілген жұмысқа
қорытынды анықтама**

2023-2024 оқу жылы

Наурыз айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2023-2024 оқу жылының наурыз айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша наурыздың 1-нен бастап 4-5 жас тобы және 3-4 жас ортаңғы тобы, 2-3 жас тобы, 4-5 жас тобы осы аталған топтарға психологиялық-педагогикалық ағарту «Жоғалған ойыншықты тап», «Көлеңке», «Жұдырыққа жасырылған орамал», «Мақтаншақтар» және «Тында да айт», «Түрлі түсті доптар», «Қиял жалғасы», «Гүл» ойыны және «Шындыққа бір қадам», «Көрсетілген нұсқау бойынша орамалды бүктеу», «Суреттің жалғасын тап» ойыны тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Ата-аналардан «Сіздің балаңыздың қызығушылығы» тақырыбында психодиагностикадан сауалнама алынды. Ал 4-5 жас тобы, 4-5 жас топтарынан «Зат неге ұқсайды?», Л.С.Выготскийдің «Жалпылап айт» әдістемесі, тақырыбында психодиагностикалық жұмыс жүргізілді. Түзету дамытушылықтан 5-6 жас тобы және 3-4 жас ортаңғы тобы, 2-3 жас тобы, 4-5 жас тобы осы аталған топтарға «Құм терапиясы», «Жыл мезгілдері», «Қателеспе сикыршы», «Көбелек» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Наурыз айында осындай жұмыстар жүргізілді.

Балабақша педагог- психологы: Кулибаева Г.И